

## **«Milka Market. 1 000 000 теңгелік нәзіктік» жарнамалық Акциясын өткізу ережелері (әрі қарай - "Ережелер").**

### **1. Жарнамалық Акцияның атауы мен мақсаты**

1.1. "Milka Market. 1 000 000 теңгелік нәзіктік" жарнамалық Акциясы (әрі қарай - "Акция") "Мон'дэлис Қазақстан" ЖШС Milka® тауар белгісімен өндіретін және/немесе сататын өнімді ілгерілетуге, сондай-ақ Milka® өнімінің оң беделін және оған тұтынушылық сұранысты қалыптастыруға бағытталған.

### **2. Акцияның Ұйымдастырушысы, Операторлары туралы мәліметтер**

2.1. Акцияны Ұйымдастырушы: "Мон'дэлис Қазақстан" ЖШС (әрі қарай мәтін бойынша - "Ұйымдастырушы"). Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050012, Төле би к-сі, 101.

2.2. №1 Акцияның Операторы болып "ЭМГ промо Қазақстан" ЖШС табылады (әрі қарай мәтін бойынша - "*№1 Оператор*"). Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, 14а үй. БСН 230940004349

2.3. № 2 Акцияның Операторы болып "Light Agency (Лайт агенттігі)" ЖШС табылады (әрі қарай мәтін бойынша - "*№2 Оператор*") болып табылады. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нахимов к-сі, 16 үй, 3 пәтер. БСН 220140017528.

2.4. Іс-шараның (Акцияның) Техникалық серіктесі болып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға табылады (бұрын және әрі қарай - "Техникалық серіктес"):

Атауы: "Magnum Cash&Carry" ЖШС

Заңды мекен-жайы: Алматы қаласы, Астана шағынауданы 1/10.

Пошталық мекен-жайы: Алматы қ., Астана шағынауданы 1/10.

### **3. Акцияны өткізу мерзімі**

3.1. Акцияны өткізудің жалпы мерзімі 2024 жылғы "01" қыркүйектен бастап 2025 жылғы "30" қаңтарға дейін (қоса алғанда) (әрі қарай – "Акция мерзімі" немесе "Акция кезеңі").

3.2. Акцияға қатысу үшін Акциялық өнімді сатып алу мерзімі: 2024 жылғы "01" қыркүйекте сағат 00:01-ден бастап 2024 жылғы "31" желтоқсанда сағат 23:59-ға дейін (қоса алғанда) (әрі қарай - "Сатып алу мерзімі").

3.3. Акцияға қатысу үшін сайтта Қатысушылардың промо-кодтарды тіркеу мерзімі: 2024 жылғы "01" қыркүйекте сағат 00:01-ден бастап 2024 жылғы "31" желтоқсанда сағат 23:59-ға дейін (қоса алғанда) (әрі қарай - "Кодтарды тіркеу мерзімі").

3.4. Акция жеңімпаздарын/жұлделердің ұтыс ойындарының жеңімпаздарын анықтау мерзімі: 2024 жылғы "09" қыркүйектен бастап 2025 жылғы "03" қаңтарға дейін (қоса алғанда) 9.4-тармаққа сәйкес.

3.5. Акция жеңімпаздарына жұлделерді тапсыру мерзімі: 2024 жылғы "01" қыркүйектен бастап 2025 жылғы "30" қаңтарға дейін (қоса алғанда).

3.6. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы, Алматы қаласының уақыты бойынша есептеледі.

### **4. Хабардар ету аумағы мен тәртібі**

4.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "Magnum Cash&Carry" сауда желісінің дүкендерінде, Интернет желісіндегі [www.milkapromo.me](http://www.milkapromo.me) сайтында өткізіледі (әрі қарай - "Сайт").

4.2. Қатысушыларды Акцияға қатысу тәртібі, Акция шарттары (оның ішінде олардың өзгеруі, толықтырылуы туралы), Ережелер туралы хабардар ету келесідей жүзеге асырылады:

1) 0-800-100-111 телефон нөмірі бойынша ақпараттық "Шұғыл желі" арқылы (Қазақстан Республикасы бойынша қоңыраулар тегін);

2) Акция бойынша сұрақтарға арналған электрондық пошта: [support@milkapromo.me](mailto:support@milkapromo.me)

4.3. Ақпараттық "Шұғыл желі" дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Ақпараттық "Шұғыл желінің" жұмыс режимі Ұйымдастырушының қалауы бойынша кез келген уақытта операторлардың жұмыс режимінен автохабарлағыштың жұмыс режиміне өзгертілуі мүмкін, бұл туралы Қатысушылар хабардар етіледі.

4.4. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Акцияның шарттарын өзгертуге, оны өткізуді мерзімінен бұрын тоқтатуға, Акция туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

4.5. Ұйымдастырушы және (немесе) Операторлар осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда және даулы жағдайлар туындаған кезде Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге не өзге де байланыстарға түспеу құқығын өзіне қалдырады.

## **5. Акцияға қатысатын өнім**

5.1. Акцияға Milka® тауар белгісімен шығарылатын төменде аталған өнімдер қатысады (әрі қарай – "Акциялық өнім» немесе «Акциялық өнімдер»), олар арнайы промо-қаптамада шығарылған (әрі қарай – "Промо-қаптама"), қаптаманың ішінде Акцияға қатысу үшін қажетті 7 таңбалы цифрлық-әріптік кодты білдіретін Промо-коды бар (әрі қарай - "Промо-код"):

\* Альпі сүті қосылған "Milka" шоколады, 80 г промо-қаптамада, штрих-коды 7622202395956;

\* Бүтін орман жаңғағы қосылған "Milka" шоколады, 80 г промо-қаптамада, штрих-коды 7622202396014;

\* "Milka BUBBLES" сүтті кеуекті шоколады, 80г промо-қаптамада, штрих-коды 7622202395925;

\* Кокос салмасы бар "Milka BUBBLES" сүтті кеуекті шоколады, 97г, штрих-коды 762220239610

## **6. Акцияға Қатысушылар**

6.1. Акцияға қатысуға Қазақстан Республикасының кәмелетке толған (18 жас және одан жоғары) әрекетке қабілетті азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты бар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға рұқсат беріледі.

6.2. Акцияға қатысуға рұқсат берілмейді: Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматтарына, Акцияны Ұйымдастырушының/Оператордың қызметкерлеріне, белгіленген тәртіппен Акцияны Ұйымдастырушымен/Операторларымен үлестес деп танылған және Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты тұлғаларға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне, азаматтығы жоқ тұлғаларға және Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты жоқ басқа мемлекеттердің азаматтарына.

6.3. Осы Ережелердің 6.1, 6.2 тармақтарының шарттарына сәйкес келмейтін азаматтардың Акцияға қатысу фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы және (немесе) Ұйымдастырушы осындай тұлғаларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) жүлде беруден бас тартуға құқылы.

## **7. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ**

7.1. Акцияның жүлде қоры Ұйымдастырушының қаражаты есебінен қалыптастырылады және келесілерді қамтиды:

### **7.1.1. Кепілдендірілген жүлде**

a. Telegram мессенджерінде алмасуға арналған стикерпакқа (9 суреттен тұратын жиынтық) сілтеме (әрі қарай – "№1 жүлде")

№1 жүлде материалдық пайда әкелмейді және Акция жеңімпазының табысы болып табылмайды.

#### 7.1.2. Жүрекшелер үшін жүлделер

b. **1-деңгей жүлдесі** (әрі қарай - "**№2 Жүлде**") – Қатысушының ұялы телефонының теңгерімін 500,00 қазақстандық теңге сомасына толықтыру, Акцияның барлық кезеңінде 2 500 (екі мың бес жүз) дана мөлшерінде.

c. **2-деңгей жүлдесі** (әрі қарай - "**№3 жүлде**") - номиналы 3 000,00 қазақстандық теңге болатын Magnum Club жүлде картасы, Акцияның барлық кезеңінде 550 (бес жүз елу) дана мөлшерінде.

d. **3-деңгей жүлдесі** (әрі қарай - "**№4 жүлде**") – Яндекс Плюс жеке кабинетін 5 000,00 қазақстандық теңгеге толықтыруға арналған промо-код, Акцияның барлық кезеңі ішінде 300 (үш жүз) дана мөлшерінде (Яндекс Плюс промо-кодтарын пайдалану Ережелері \_\_\_\_\_сілтемесі бойынша).

e. **4-деңгей жүлдесі** (әрі қарай - "**№5 жүлде**") – номиналы 10 000,00 қазақстандық теңге болатын Magnum Club жүлде картасы, Акцияның барлық кезеңінде 150 (жүз елу) дана мөлшерінде.

f. **5-деңгейдегі жүлде** (әрі қарай - "**№6 жүлде**") - Шоубокс, ол келесілерді қамтиды: брендтелген қорап, Qazaq Republic жейдесі, Milka өнімдері: шоколадты салмасы бар Milka бисквитті тәтті тоқашы 35 гр 1 дана, Milka сүтті шоколадымен жабылған печенье 40 гр 1 дана, какао салмасы бр сүтті жабыны бар Milka вафлиі 30г 1 дана, Акцияның барлық кезеңінде 320 (үш жүз жиырма) дана.

#### 7.1.3. Бас жүлделер

g. **Iphone 14 Pro 128 GB** (әрі қарай – "**№7 жүлде**") Акцияның барлық кезеңінде 8 (сегіз) дана.

h. жүлде беру кезінде ұсталатын және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін ЖТС-н ескере отырып 1 111 111,00 (бір миллион жүз он бір мың жүз он бір теңге 00 тиын) көлеміндегі ақшалай сома (әрі қарай – «**№8 Жүлде**») – жеңімпаздың банктік шотына 1 000 000,00 (бір миллион) қазақстандық теңге мөлшеріндегі аударым түрінде, Акцияны өткізудің барлық кезеңінде 4 (төрт) аударым мөлшерінде.

#### 7.1.4. Арнайы жүлделер

i. Шоубокс (әрі қарай – "**№9 жүлде**"), ол келесілерді қамтиды: брендтелген қорап, Qazaq Republic жейдесі, Milka өнімдері: шоколадты салмасы бар Milka бисквитті тәтті тоқашы 35 гр 1 дана, Milka сүтті шоколадымен жабылған печенье 40 гр 1 дана, какао салмасы бар сүтті жабыны бар Milka вафлиі 30г 1 дана, Акцияның барлық кезеңінде 21 (жиырма бір) дана мөлшерінде.

7.2. Акция жүлделерінің сыртқы түрі, олардың мөлшері, суреті және өзге де сипаттамалары жарнамалық материалдарда және Акция сайтында ұсынылған суреттермен және Қатысушылардың жеке күтулерімен сәйкес келмеуі мүмкін.

7.3. Акция жүлдесі ретінде ұсынылатын тауарлардың сапасына осы тауарларды өндіруші жауапты болады.

#### 7.4. Жүлделер бойынша шектеулер:

7.4.1. Акцияның бір Қатысушысы Акция өткізудің бүкіл кезеңі ішінде 1 (бір) кепілдік берілген жүлдеден аспайтын, әр түрдің жүрекшелері үшін 1 (бір) жүлдеден аспайтын, әрбір түрдің 1 (бір) Бас жүлдесінен аспайтын, 1 (бір) Арнайы жүлдеден аспайтын жүлденің иегері бола алады.

7.5. №№1-7, №9 жүлделердің ақшалай баламалары төленбейді, жүлделерді

айырбастау жүзеге асырылмайды. Ұтыс ойынына қатысу және (немесе) жүлделерді алу құқығын Акцияға Қатысушы басқа тұлғаға бере алмайды немесе басқаша түрде табыс ете алмайды.

7.6. Оператордың жүлделерді беру жөніндегі міндеттемелері жүлде қорының жалпы мөлшерімен шектеледі.

## **8. Акцияға қатысу шарттары мен тәртібі**

8.1. Акцияға қатысу үшін Қатысушы осы Ережелердің 3.1, 3.2, 3.3 тармақтарында көрсетілген Акция мерзімі ішінде конклюдентті әрекеттердің сәйкес ретін орындауы қажет:

8.2. 2024 жылғы "01" қыркүйекте 00 сағат 00 минут 01 секундтан бастап 2024 жылғы "31" желтоқсанда 23 сағат 59 минут 59 секунд аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының аумағындағы "Magnum Cash&Carry" сауда желісінің кез келген дүкенінен осы Ережелердің 5.1 тармағында көрсетілген Milka® тауар белгісімен шығарылатын промо-қаптамадағы Акциялық өнімнің кемінде 1 (бір) бірлігін сатып алу. осы Ережелердің 3.2-тармағына сәйкес промо-кодты тауып, Сайтта Промо-кодты тіркеу.

8.2.1. Ұйымдастырушы / Операторлар промо-қаптаманың ішіндегі промо-кодтың тұтастығы үшін жауап бермейді.

8.2.2. Сайтта Промо-кодты тіркеу үшін Қатысушы Сайтта тіркеуден өтуі керек.

### **8.3. Қатысушының [www.milkarpromo.me](http://www.milkarpromo.me) сайтында тіркелуі:**

8.3.1. Сайтта тіркелу үшін Қатысушы сайтқа кіріп, қазақ немесе орыс тілдерін таңдап, сайттың қазақ тіліндегі нұсқасына көшкеннен кейін телефон нөмірі арқылы верификация әдісін таңдауы қажет.

8.3.2. Телефон нөмірін дұрыс толтырған жағдайда Қатысушы Сайттағы жеке кабинетке кіру үшін жасалған құпия сөзді ұялы телефон нөміріне алады (әрі қарай – "Құпиясөз").

8.3.3. Әрі қарай Қатысушы алынған Құпиясөзді Сайттағы тиісті өріске енгізуі немесе электрондық поштадан сілтеме бойынша өтуі қажет, содан кейін Қатысушыға тіркеу нысаны (әрі қарай – "Тіркеу нысаны") ашылады.

8.3.4. Қатысушы тіркеу нысанының барлық өрістерін толтыруы, сондай-ақ жеке деректерді өңдеуге келісім беруі, Акция ережелерімен келісуі, тиісті өрістерге құсбелгі қою арқылы Mondelez-тен Акциялар туралы таратылымдар алуға келісім беруі тиіс.

8.3.5. Тіркеу нысаны дұрыс толтырылған және 8.1, 8.2, 8.3, 8.4 тармақтарда көрсетілген барлық шарттар орындалған жағдайда, Қатысушы Сайттағы Жеке кабинетіне түседі.

8.3.6. Сайтқа кіру үшін жасалған құпия сөз бір реттік болып табылады.

Егер Қатысушы Жеке кабинетке қайта кіруді жүзеге асырса, онда ол автоматты түрде авторизацияланады.

8.3.7. Әрбір Қатысушы Сайтқа бір рет қана тіркеле алады.

8.3.8. Қатысушының Сайтта бірнеше рет тіркелу фактісі анықталған жағдайда Ұйымдастырушы/Операторлар мұндай Қатысушыны Акцияға қатыстырудан және (немесе) Акция жүлдесін беруден бас тартуға құқылы.

8.3.9. Сайтта тіркелу кезінде Қатысушы енгізген деректер дәл, дұрыс және өзекті (шынайы) болуы тиіс. Тіркеу кезінде көрсетілген Қатысушының телефон нөмірі, сондай-ақ оның электрондық мекен-жайы Қатысушыда Акцияның соңына дейін сақталуы тиіс.

8.3.10. Ұйымдастырушы/ Операторлар Акцияға Қатысушылардың жіберген қателіктері және / немесе Сайтта тіркелу кезінде дұрыстығы үшін, сондай-ақ тіркеу кезінде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы үшін жауап бермейді және деректері тиісті түрде толтырылмаған (жалған, толық емес немесе қате ақпарат енгізілді) немесе анық емес Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) Акция жүлдесін беруден бас тартуға құқылы.

8.3.11. Толық емес/ дұрыс емес ақпарат берілген немесе ақпараттың дұрыстығына

күмән туындаған жағдайда жеңімпаз жеңімпаздық мәртебесін жоғалтады.

8.3.12. Егер жеңімпаздар өз жүлделерін Акция ережелерінде белгіленген мерзімде алмаса, не жеңімпаздармен байланысу және оларды ұтыс туралы хабардар ету және/ немесе оларға тиесілі жүлделерді қате деректер себебінен беру, жеңімпаздың байланыс ақпаратын өзгерту немесе жеңімпаздың жүлдені алудан бас тартуы, № 2 Операторға Ережеде көзделген өзі туралы ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда немесе Ұйымдастырушының бақылауынан тыс кез келген басқа себеп бойынша, жүлде Ұйымдастырушыда қалады.

#### **8.4. Сайтта промо-кодты тіркеу:**

8.4.1 Осы Ережелердің 5.2 тармағына сәйкес 2024 жылғы "01" қыркүйекте 00 сағат 00 минут 01 секундтен бастап 2024 жылғы "31" желтоқсанда 23 сағат 59 минутқа дейін Қатысушының сатып алуын растайтын, Промо-қаптаманың ішкі жағында көрсетілген **бір немесе бірнеше кодты тіркеу**. 1 (бір) промо-кодты тіркегені үшін Акцияға Қатысушы автоматты түрде 1 (бір) жүрекше алады.

Бірінші Промо-кодты тіркеген кезде Қатысушы 1 жүрекше алады.

Сайтта тіркелген кезде Қатысушыға №1 жүлде алуға кепілдік беріледі.

#### **8.5. Акцияға Қатысушы Сайтта тек бір аккаунт тіркей алады.**

8.6. Акцияның бір Қатысушысын бірнеше телефондар мен электрондық пошта мекенжайларын пайдалана отырып сайтқа бірнеше рет тіркеуге жол берілмейді. Акцияға Қатысушының мұндай әрекеті осы Акция ережелерін бұзу болып табылады.

8.7. Қатысушының сайтта тіркелуі Қатысушының Ұйымдастырушыға осы Ережелермен толық келісетінін мәлімдейтінін, Ұйымдастырушының/ Операторлардың осы Ережелерде көрсетілген шарттарда және Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес өзінің дербес деректерін алуға, сақтауға және қайта өңдеуге келісетінін мәлімдейтінін білдіреді, сайтта орналастырылған жария офферта шарттарымен келісуді білдіреді (әрі қарай – "Офферта"), Ұйымдастырушыдан/ Операторлардан Акция туралы ақпаратты немесе қандай да бір өзге ақпаратты алуға келісімін мәлімдейді, сондай-ақ ақпараттық қызметтер көрсету туралы шарт жасасу фактісін білдіреді.

8.8. Тіркелу расталғаннан кейін сайтта Қатысушыға "жеке кабинетке" кіруге рұқсат беріледі, ол Қатысушының виртуалды аккаунты болып табылады және Қатысушының дербес деректерін, ол тіркеген кодтар, жинақталған жүрекшелер саны туралы ақпаратты қамтиды

8.9.

8.10. және ұтып алған жүлделер.

8.11. 1 (бір) код Акция сайтында тек бір рет тіркеле алады. Өзгесі осы Акция ережелерін бұзу болып табылады.

Асыра сілтеуді болдырмау мақсатында Қатысушы тәулігіне тіркей алатын кодтардың ең көп саны **10 (он) данадан** аспайды.

8.12. **1 (бір) тіркелген код 1 (Бір) жүрекшеге сәйкес келеді.** Әрбір тіркелген промо-кодтан Ұйымдастырушы "КЕҢЕС" мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығына 50 (елу теңге) жібереді (әрі қарай – "**Қайырымдылық бағдарламасы**"). 1 ай ішінде тіркелген промо-кодтар үшін жүрекшелердің ең көп санын жинаған Қатысушыға 1 (бір) Арнайы жүлде алуға кепілдік беріледі. Егер Қатысушылар біреуден көп болған жағдайда, жүлде ұтыс кезеңінде соңғы болып промо-кодтардың ең көп санын тіркеген Қатысушыға беріледі.

8.13. Акция шеңберінде "досыңды ертіп кел" рефералды бағдарламасы (әрі қарай – "досыңды ертіп кел" бағдарламасы) жұмыс істейді. Қатысу үшін Сіз өзіңіздің жеке сілтемеңізбен Сайтта тіркелу үшін досыңызды шақыруыңыз керек. Егер досы тіркелсе, Қатысушы 1 қосымша жүрекше алады (жүрекше 3 жұмыс күні ішінде Жеке кабинетте көрсетіледі). Егер досы кем дегенде 1 Промо-кодты тіркесе, Қатысушы 9.2.4 тармақта сипатталған механикаға сәйкес 1 (бір) арнайы жүлденің ұтыс ойынына түседі.

8.14. Жеке сілтеме Жеке кабинетте қолжетімді.

8.15. Акция барысында әрбір Қатысушы тіркеген кодтар сайтта Қатысушының жеке кабинетінде тіркеледі.

8.16. Өнімді сатып алғаны үшін берілген чектер мен өнімнің қаптамасы Акцияның барлық кезеңінде сақталуы керек. Ұйымдастырушы Қатысушыдан өнімді сатып алу фактісін растау үшін чектің және/немесе қаптаманың түпнұсқасын ұсынуды талап етуге құқылы.

8.17. Ұтыс ойынына қатысу және (немесе) жүлде қорын алу құқығын ұтыс ойынына Қатысушы басқа тұлғаға бере алмайды немесе басқаша түрде бере алмайды.

Оператор Акцияға Қатысушылардан чектердің дұрыстығын қосымша тексеру үшін, сондай-ақ Акцияға Қатысушының Акцияның өзге де ережелерін сақтауын растау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы.

8.18. Акцияға Қатысушыдан құжаттар мен ақпарат алғаннан кейін №2 Оператор оларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды. Ұсынылған құжаттар мен ақпаратты қарау нәтижелері бойынша №2 Оператор қосымша құжаттар мен ақпаратты сұратуға негіз болған Акцияға Қатысушының өтінімін Акцияға қатысуға жіберуге не оның күшін жоюға құқылы.

8.19. Акцияға Қатысушы көрсетілген мерзімде қажетті деректерді ұсынбаған жағдайда, қосымша құжаттар мен ақпаратты сұратуға негіз болған Акцияға Қатысушының өтінімі жойылады және Акцияға қатысуға жіберілмейді.

**8.20. Сайтта Промо-кодтары жүктелген Акциялық өнімдердің промо-қаптамаларының түпнұсқаларын Қатысушы 2025 жылдың 30 қаңтарына дейін (қоса алғанда) сақтауы тиіс.**

8.21. Ұйымдастырушының / Операторлардың промо-коды бар қаптамалардың иесін анықтау бойынша міндеттемелері жоқ. Операторға Промо-коды бар промо-қаптаманы ұсынған Қатысушы оның шынайы иесі болып саналады.

8.22. Акциялық өнімнің Промо-қаптамаларының түпнұсқалары, оларда көрсетілген Промо-кодтар келесі жағдайлард Акцияға қатысуға жіберілмейді, егер:

8.18.1. Промо-қаптаманы Ұйымдастырушы / Операторлар түпнұсқа қаптама ретінде сәйкестендіре алмайды (қателері бар, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Ережелердің талаптары мен шарттарына сәйкес келмейді және т.б.);

8.18.2. Промо-қаптама бүлінген, Промо-кодтың тұтастығы бұзылған. Промо-кодтың тұтастығы толық көлемде сақталуы тиіс. Промо-код кез-келген механикалық әсерге ұшыраған: мыжылған, суланған, жыртылған Промо-код оқылмайтын және т.б. жағдайда жарамсыз болып саналады,

8.18.3. Промо-қаптамалардың, Промо-кодтардың түпнұсқалығына қатысты даулар туындаған жағдайда Ұйымдастырушының /Операторлардың шешімі түпкілікті болып табылады.

## **9. Акция Жеңімпаздарын анықтау**

9.1. Жүрекшелер үшін берілетін жүлделер

№№2-6 жүлделерге айырбастау үшін қажетті жүрекшелер санын жинаған Акцияға Қатысушылар осындай жүлделердің иегерлері болады, бұл келесі бөлуге сәйкес сайтта тіркелген кодтармен расталады:

- 1 жүрекше - № 2 жүлде;
- 5 жүрекше – №3 жүлде;
- 10 жүрекше – №4 жүлде;
- 20 жүрекше – №5 жүлде;
- 25 жүрекше – №6 жүлде.

Егер Акцияға Қатысушы осы Ережелердің 7 тарауында көрсетілген талаптар мен шарттарды тиісінше орындаса, мұндай Қатысушыға жүлделердің 5 (бес) түрі бар

модальды терезе ашылады: №2 жүлде, №3 жүлде, №4 жүлде, №5 жүлде, №6 жүлде.

Қатысушы көрсетілген жүлделердің 1 (біреуін) таңдауы керек, содан кейін ол таңдаған жүлде Сайтта Қатысушының жеке кабинетінде "Менің жүлделерім" бөлімінде автоматты түрде көрсетіледі.

№2-6 жүлделер Акцияның бүкіл мерзімі ішінде осы Ережелердің 3.5 тармағына сәйкес беріледі.

## **9.2. Арнайы жүлделер:**

9.2.1. "Досынды ертіп кел" бағдарламасы бойынша Арнайы жүлделердің ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.4.1 тармағына сәйкес барлық Қатысушылар арасында аптасына 1 рет өткізіледі.

9.2.2. "Қайырымдылық" бағдарламасы бойынша Арнайы жүлделердің ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.4.2 тармағына сәйкес айына ең көп жүрекшелер санын жинаған барлық Қатысушылар арасында айына 1 рет өткізіледі.

9.2.3. **Арнайы жүлделердің ұтыс ойындарының алгоритмі.** Ұтыс ойынының жеңімпаздары (Z/P) Кі формуласы бойынша анықталады, мұнда:

\*  $i$  — жеңімпаздың реттік нөмірі 1, 2, 3 және т.б.;

\* Z - ұтыс ойынындағы Қатысушылардың жалпы саны;

\* P - ұтыс ойынындағы жеңімпаздар саны;

\* K - ұтыс ойынындағы Қатысушылар санын 100-ге бөлу санының бөлшек бөлігі.

Мысалы, егер ұтыс ойынына 9357 Қатысушы қатысса, онда  $K=0,57$ .

\* Жеңімпаздың реттік нөмірін есептеу кезінде үтірден кейін төрт таңбасы бар сан алынады - олар алынып тасталады. Мысалы, егер нәтиже 12.6789 болса, онда 12 нөмірлі билет ұтып алады.

• Егер ұтыс билетінің нөмірі ұтыс ойынындағы билеттер санынан көп болса, онда нәтиже билеттер санындағы бүтін санның қалдығы ретінде анықталады. Осылайша, егер нәтиже 12 болса және ұтыс ойынындағы барлық билеттер 10 болса, онда 2 нөмірі жеңеді.

\* Ұтыс ойынындағы билет нөмірлері 0-ден басталады.

Бір өтінім ұтыс ойынына бір рет қана қатыса алады.

## **9.3. Бас жүлделер:**

9.3.1. №7 Бас жүлделердің ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.4.3 тармағына сәйкес барлық Қатысушылар арасында 2 аптада 1 рет өткізіледі.

9.3.2. №8 Бас жүлделердің ұтыс ойыны осы Ережелердің 9.4.4 т. сәйкес әрбір бас жүлденің ұтыс ойынының тиісті кезеңінде кемінде 1 кодты тіркеген барлық Қатысушылар арасында айына 1 рет өткізіледі.

### **9.3.3. Бас жүлделерді ұтыс ойынының алгоритмі.**

\* Ұтыс ойынында жеңіске жеткен билет нөмірлері (Z/P)Кі формуласы бойынша есептеледі, мұнда:

\*  $i$  — жеңімпаздың реттік нөмірі 1, 2, 3 және т.б.;

\* Z - ұтыс ойынындағы билеттердің жалпы саны;

\* P - ұтыс ойынындағы жеңімпаздар саны;

\* K - ұтыс ойынындағы билеттер санын 100-ге бөлудің бөлшек бөлігі.

Мысалы, егер ұтыс ойынына 9357 билет қатысса, онда  $K=0,57$ .

• Ұтыс билетінің нөмірін есептеу кезінде үтірден кейін төрт таңбадан тұратын сан алынады, олар алынып тасталады. Мысалы, егер нәтиже 12.6789 болса, онда 12 нөмірлі билет ұтып алады.

• Егер ұтыс билетінің нөмірі ұтыс ойынындағы билеттер санынан көп болса, онда нәтиже билеттер санындағы бүтін санның қалдығы ретінде анықталады. Осылайша, егер нәтиже 12 болса және ұтыс ойынындағы барлық билеттер 10 болса, онда 2 нөмірі жеңеді.

\* Ұтыс ойынындағы билет нөмірлері 0-ден басталады. Егер есептеу нәтижесінде

бүтін сан болмаса, онда ол бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

#### 9.4. Жұлделер ұтысын өткізу кестесі

9.4.1. №9 Арнайы жүлденің ұтыс ойынын өткізу мерзімдері және "Досыңды ертіп кел" бағдарламасы бойынша №9 Арнайы жүлделер иегерлерінің саны:

Апта №	Сатып алу және чекті тіркеу күні	Ұтыс ойыны күні/Жеңімпаздарды анықтау күні	№9 жүлде иегерлерінің саны
1 апта	01.09.2024 - 08.09.2024	11.09.2024	1
2 апта	09.09.2024 - 15.09.2024	18.09.2024	1
3 апта	16.09.2024 - 22.09.2024	25.09.2024	1
4 апта	23.09.2024 - 29.09.2024	02.10.2024	1
5 апта	30.09.2024 - 06.10.2024	09.10.2024	1
6 апта	07.10.2024 - 13.10.2024	16.10.2024	1
7 апта	14.10.2024 - 20.10.2024	23.10.2024	1
8 апта	21.10.2024 - 27.10.2024	30.10.2024	1
9 апта	28.10.2024 - 03.11.2024	06.11.2024	1
10 апта	04.11.2024 - 10.11.2024	13.11.2024	1
11 апта	11.11.2024 - 17.11.2024	20.11.2024	1
12 апта	18.11.2024 - 24.11.2024	27.11.2024	1
13 апта	25.11.2024 - 01.12.2024	04.12.2024	1
14 апта	02.12.2024 - 08.12.2024	11.12.2024	1
15 апта	09.12.2024 - 15.12.2024	18.12.2024	1
16 апта	16.12.2024 - 22.12.2024	25.12.2024	1
17 апта	23.12.2024 - 31.12.2024	03.01.2025	1
			17

9.4.2. №9 Арнайы жүлденің ұтыс ойынын өткізу мерзімдері және "Қайырымдылық" бағдарламасы бойынша №9 Арнайы жүлделер иегерлерінің саны:

Апта №	Сатып алу және чекті тіркеу күні	Ұтыс ойыны күні/Жеңімпаздарды анықтау күні	№9 жүлде иегерлерінің саны
1-4 апта	01.09.2024 - 29.09.2024	02.10.2024	1
5-8 апта	30.09.2024 - 27.10.2024	30.10.2024	1
9-12 апта	28.10.2024 - 24.11.2024	27.11.2024	1
13-17 апта	25.11.2024 - 31.12.2024	03.01.2025	1
			4

9.4.3. №7 Арнайы жүлденің ұтыс ойынын өткізу мерзімдері және №7 Арнайы жүлделер иегерлерінің саны:

Апта №	Сатып алу және чекті тіркеу күні	Ұтыс ойыны күні/Жеңімпаздарды анықтау күні	№7 жүлде иегерлерінің саны
1-2 апта	01.09.2024- 15.09.2024	18.09.2024	1
3-4 апта	16.09.2024 - 29.09.2024	02.10.2024	1
5-6 апта	30.09.2024 - 13.10.2024	16.10.2024	1
7-8 апта	14.10.2024 - 27.10.2024	30.10.2024	1



9-10 апта	28.10.2024 - 10.11.2024	13.11.2024	1
11-12 апта	11.11.2024 - 24.11.2024	27.11.2024	1
13-14 апта	25.11.2024 - 08.12.2024	11.12.2024	1
15-17 апта	09.12.2024 - 31.12.2024	03.01.2025	1
			8

9.4.4. №8 Арнайы жүлденің ұтыс ойынын өткізу мерзімдері және №8 Арнайы жүлделер иегерлерінің саны:

Апта №	Сатып алу және чекті тіркеу күні	Ұтыс ойыны күні/Жеңімпаздарды анықтау күні	№8 жүлде иегерлерінің саны
1-4 апта	01.09.2024 - 29.09.2024	02.10.2024	1
5-8 апта	30.09.2024 - 27.10.2024	30.10.2024	1
9-12 апта	28.10.2024 - 24.11.2024	27.11.2024	1
13-17 апта	25.11.2024 - 31.12.2024	03.01.2025	1
			4

9.5. Жеңімпаз осы Ережелерді бұзған және оған жүлде беруден бас тартылған жағдайда, Қатысушы жүлдеден бас тартқан жағдайда немесе егер есеп айырысу кезеңінде бірде-бір Қатысушы ұтыс ойынына қатыспаған жағдайда, бөлінбеген жүлделер келесі есеп айырысу кезеңінде қосылады және бөлінеді. Әр есеп айырысу кезеңінде осы Ережелердің 9.4 тармағында қанша көрсетілген болса, сонша жүлде иегерлері анықталады.

9.6. Жүлде осы Акция ережелерінің 10 тарауының сипаттамасына сәйкес келетін Акцияға Қатысушыларға (жеңімпаздарға) беріледі..

## 10. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ

10.1. Жеңіске жеткен жағдайда Жеңімпазды №2 Оператор телефон нөмірі бойынша хабарлама арқылы немесе Акция сайтында тіркелген кезде көрсетілген электрондық пошта арқылы Акцияның [sup-port@milkapromo.me](mailto:sup-port@milkapromo.me). электрондық поштасынан хабардар етеді.

10.2. Жүлделерді алу үшін жеңімпазға Сайттағы Жеке кабинетте хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ 10.1-тармаққа сәйкес №2 Оператордан хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде №2 Оператордың [support@milkapromo.me](mailto:support@milkapromo.me) электрондық мекен-жайына келесі құжаттарды және (немесе) өзі туралы ақпаратты жіберуі тиіс:

10.2.1. Тіркеу кезінде көрсетілген және Оператор жеңімпазбен байланыса алатын ұялы телефон нөмірін растау.

10.2.2. Құжаттың нөмірі, ЖСН, ТАӨ, туған күні, қолданылу мерзімі туралы ақпаратты қамтитын қазақстандық жеке куәліктің сканерленген көшірмесі);

10.2.2. Жүлдені жеткізудің толық және нақты мекен-жайы;

10.2.3. Қатысушының Сайтта бұрын тіркеген бейнесіне сәйкес келетін Промо-қаптаманың фотосуреті, кейіннен №2 Операторға осы Промо-қаптаманың түпнұсқасын ұсынуы тиіс. Фотосуреттегі Промо-кодтың суреті анық және оқылатын болуы керек.

10.2.4. Жүлде иегері/жеңімпазы қол қойған жүлдені тапсыру туралы актінің фотосуреті немесе сканерленген көшірмесі, жүлдені тапсыру туралы актінің қол қойылған түпнұсқасын кейіннен №2 Операторға ұсынуы тиіс (жүлдені тапсыру туралы актінің нысанын №2 Оператор Акция Ережелерінің 10.1 тармағына сәйкес хабарлама шеңберінде Қатысушыға алдын ала ұсынады).

10.2.7. Жүлдені алатын Қатысушы қол қойған дербес деректерді жинауға, өңдеуге Келісімнің фотосуреті немесе сканерленген көшірмесі, кейіннен №2 Ұйымдастырушыға дербес деректерді жинауға, өңдеуге қол қойылған келісімнің түпнұсқасын ұсынуы тиіс (дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім нысанын №2 Оператор Қатысушыға Акция

Ережелерінің 10.1 тармағына сәйкес хабарлама шеңберінде алдын ала ұсынады).

**Ұйымдастырушы / №2 Оператор жүлде Жеңімпазынан Акцияны тиісінше өткізу мақсатында қажетті кез келген өзге де құжаттарды және(немесе) ақпаратты қосымша сұратуға құқылы.**

10.3. Ережелердің 10.2 тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелеріндегі барлық оқылатын әріптер мен сандар анық болуы керек, сұртулер, өшірулер және түзетулердің басқа іздері болмауы керек. Жүлдені тапсыру туралы актілердегі жеңімпаздың қолдары жеңімпаздың жеке куәлігінде көрсетілген қолдардың үлгілеріне сәйкес келуі тиіс. Жүлде иегерінің жеке куәлігінің көшірмесінде жеке куәліктің сериясы, нөмірі, берілген күні және жеке куәлікті берген орган туралы мәліметтер болуы керек.

10.4. Промо-қаптамалардың түпнұсқалары және жүлде жеңімпазы қол қойған жүлдені тапсыру туралы актінің түпнұсқасын жеңімпаз №2 Оператордың тапсырмасы бойынша осы тармақта көрсетілген құжаттарды жинауды жүзеге асыратын курьерлік (почта) қызметінің өкіліне беруі тиіс. Промо-қаптамалардың түпнұсқаларын №2 Оператор жеңімпазға қайтармайды.

10.5. 7.1.1-7.1.2. тармақтарда көрсетілген **№3, №5, №6, №7, №9** Жүлделерді жеткізу осы Ережелердің 3.5 тармағында көрсетілген мерзімде №2 Оператор уәкілеттік берген курьерлік (почта) қызметтің күштерімен жүзеге асырылады. Жүлделерді жеткізу бойынша барлық шығындар Ұйымдастырушының есебінен жүзеге асырылады.

10.6. Алматы қаласында тұратын жүлде жеңімпаздары №2 Оператордың орналасқан жері бойынша жүлделерді өз бетінше алуды жүзеге асырады. Жүлдені алған жерге жол жүруге байланысты шығындарды Ұйымдастырушы / Операторлар өтемейді.

10.7. Сайтта тіркелу кезінде жеңімпаз көрсеткен ұялы телефон нөміріне теңгерімді есептеу Ережелердің 10.2 тармағына сәйкес жеңімпаз қажетті ақпарат берген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

10.8. Акция жүлделерін ақшалай немесе кез келген басқа баламамен ауыстыруға жол берілмейді. Жүлделер қайтарылмайды. Жеңімпаздың жүлдені алу құқығын үшінші тұлғаларға беруіне жол берілмейді.

10.9. Осы Ережелердің талаптарын орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде 10.2, 10.3, 10.4 тармақтарға сәйкес Ұйымдастырушыға құжаттар мен ақпарат беру туралы шартты орындамаған жүлде иегері, Акция жеңімпазы, Акция жүлдесін алу құқығынан айырылады. Мұндай жағдайда Акцияны Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша осындай жүлдеге иелік етеді.

10.10. Ұйымдастырушының жүлделерді тапсыру жөніндегі міндеттемелері келесі сәттен бастап орындалды деп есептеледі:

10.10.1. Жүлделер үшін: **№3, №5, №6, №7, №9 жүлде** - курьерлік (почта) қызметке жіберу үшін тиісті жүлделерді берген сәттен бастап, ал Алматы қаласы бойынша - жүлдені оның иесіне /жеңімпазына берген сәттен бастап.

10.10.2 жүлделер үшін: **№1, №4 жүлде**: жүлде иегерінің/жеңімпаздың жеке кабинетінде көрсетілген сәттен бастап.

10.10.3. **№8 жүлде** үшін көрсетілген сома Оператордың №1 есеп-шотынан 7.1.3-тармақтағы есептен шығарылған сәттен бастап. жеңімпаздың есеп айырысу шотына (ақшалай соманы аудару үшін қосымша ақпаратты №2 Оператор жеңімпаздан нақтылайды).

10.10.4. **№2 жүлде** үшін - жүлде иегері/жеңімпаздың ұялы телефонының теңгерімінде жүлде көрсетілген сәттен бастап.

10.11. Жүлденің меншік құқығы мен жоғалу, бүліну, жойылу қаупі оған жүлде берілген сәттен бастап жүлде иесіне/жеңімпазына өтеді. Иегер / жеңімпаз өзіне тиесілі жүлдені іске асыруға және пайдалануға байланысты барлық шараларды дербес қабылдайды.

Ұйымдастырушыға/Операторларға тәуелді емес себептер бойынша жүлдені жеңімпазға тапсыру/алу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай жүлде талап етілмеген деп

танылады, тиісті иеленуші/жеңімпаз қайта талап ете алмайды, Ұйымдастырушы/Операторлар ақшалай және (немесе) өзге де өтемақы бермейді және Жүлдені Акцияны Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша пайдаланады.

10.12. Акцияға Қатысушы көрсетілген мән-жайлар қай уақытта белгілі болғанына қарамастан, келесі жағдайларда қандай да бір өтемақысыз, оның ішінде ақшалай жүлдені алу құқығынан айырылады:

1) Егер Акцияға Қатысушы оған тиісті жүлде тапсырылған сәтке дейін осы Ережелерді бұзушы деп танылса;

2) Егер Акцияға Қатысушы ауызша немесе жазбаша, электрондық байланыс құралдарының, ұялы телефонның, мессенджердің көмегімен және өзге де тәсілдермен жүлдені алудан бас тартқаны туралы мәлімдесе;

3) Акцияға Қатысушыға телефон нөмірінің тиесілігін сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;

4) Ережелердің 10.2 тармағында көрсетілген мерзім ішінде осындай жүлде иегерімен/жеңімпазымен байланысуға талпыныстың Ұйымдастырушыға/ Операторларға тәуелсіз себептер бойынша туындаған 3 (үш) сәтсіздігінен кейін;

5) Егер Акцияға Қатысушы Операторларға/Ұйымдастырушыға 10.2 және 10.4 тармақтарда көрсетілген құжаттарды және/немесе ақпаратты беруден бас тартса, немесе оларды уақтылы немесе толық көлемде ұсынбаған, не ұсынылған құжаттардың көшірмелерінің сапасы осы Ережелердің 10.2 және 10.4 тармақтарда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін болса.

6) осы Ережелерде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген өзге де негіздер бойынша.

10.13. Акция барысында №3-№9 жүлделердің жеңімпаздарынан/ иегерлерінен тиісті жүлделерді алуға байланысты туындайтын салықтарды төлеуді №1 Оператор Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дербес жүзеге асырады.

10.14. Акция барысында №2 жүлделердің жеңімпаздарынан/ иегерлерінен тиісті жүлделерді алуға байланысты туындайтын салықтарды төлеуді №2 Оператор Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес дербес жүзеге асырады.

## **11. ӨЗГЕ ШАРТТАР**

11.1. Акцияны Ұйымдастырушы Акцияға Қатысушыларды сайтта өзгерістер күшіне енгенге дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, Акцияны өткізудің бүкіл мерзімі ішінде осы Акцияның шарттарын өзгертуге құқылы.

11.2. Акцияны Ұйымдастырушы және/немесе Операторлар Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша осындай тұлға берген мәліметтерде шындыққа сәйкессіздік анықталған және / немесе Акцияға Қатысушы өткізілетін Акция ережелерінің талаптарын өзге де орындамаған жағдайда, нақты тұлғаға жүлде беруден бас тартуға құқылы. Жүлдені беруден бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушы жүлдені өз қалауы бойынша иеленеді.

11.3. Ұйымдастырушы және / немесе Операторлар Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша қатысуға өтінімдерді өз қалауы бойынша жарамсыз деп тануы, сондай-ақ қатысуға өтінімдерді беруді немесе Акцияны өткізуді жалған жасайтын, кез-келген қолдану жасаудан пайда көретін немесе осы Ережелерді бұза отырып әрекет ететін, деструктивті әрекет ететін немесе келесі әрекеттерді қоса алғанда, бірақ шектелмей осы Акцияға байланысты болуы мүмкін кез-келген тұлғаны ренжіту, қорлау, қорқыту немесе алаңдату ниетімен әрекетт ететін кез келген тұлғаға осы Акцияға одан әрі қатысуға тыйым салуы мүмкін:

\* Егер Акцияны Ұйымдастырушыда / Операторларда тіркеу кезінде Қатысушы берген ақпарат дұрыс емес, толық емес, қате немесе дұрыс емес деген болжам бар болса;

\* Егер Акцияны Ұйымдастырушыда/ Операторларда Қатысушы алаяқтық әрекеттер жасайды, алдауға, пара беруге немесе қаржылық алаяқтыққа, дауыс беруге

қатысатын тұлғаларға материалдық пайда ұсынуға, оның ішінде көптеген тіркеуге, Сайтта динамикалық және Сайттың өзіне де, қатысушыларына да әртүрлі түрдегі және дәрежедегі жағымсыз салдарға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін басқа да айла-шарғы жасайды деп сенуге күмән/негіз болса;

- Егер Қатысушы осы Ережелерді бұза отырып әрекет етсе.

11.4. Акцияға Қатысушыдан ақпараттар пен құжаттарды сұрату және оны ұсыну барысында Акцияға Қатысушының осы Акция Ережелерін бұзу фактісі анықталған жағдайда, №2 Оператор Акцияға мұндай Қатысушыны Акцияға одан әрі қатыстырмауға және жүлделер беруден бас тартуға құқылы.

11.5. Егер қандай да бір себептермен, оның ішінде компьютерлік вирустарды жұқтырудан, Интернет желісіндегі ақаулардан, істен шығулардан, айла-шарғылардан, рұқсатсыз араласудан, жалған етуден, техникалық ақаулардан немесе Акцияның орындалуын, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе тиісінше орындалуын бұрмалайтын немесе қозғайтын, Ұйымдастырушының бақылауынан тыс кез келген себептерден туындаған себептермен Акция жоспарланғандай жүргізілмесе, Ұйымдастырушы өзінің жеке қалауы бойынша Акцияны өткізуді жоюы, тоқтатуы, өзгертуі немесе уақытша тоқтатуы мүмкін, немесе кез-келген қозғалған өтінімдерді жарамсыз деп тануға құқылы.

11.6. Ұйымдастырушы Акцияға Қатысушылармен Акцияны өткізуге байланысы жоқ жазбаша келіссөздерге не өзге де байланыстарға түспеуге құқылы.

11.7. Акцияның Ұйымдастырушысы / Операторлары Қатысушыларды Акцияны өткізу Ережелерімен және оған қатысу шарттарымен таныспағаны, сондай-ақ олардың Акцияны өткізу нәтижелерімен таныспағаны; Қатысушылардан техникалық проблемалар және т.б. нәтижесінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен хаттар, қоңыраулар, факсимильдік және/немесе электрондық хабарламалар алмағаны үшін./немесе Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын Интернет желісіндегі және / немесе байланыс арналарындағы алаяқтық; Қатысушылардан жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны (уақтылы алмағаны); Акцияны өткізу және жүлделерді беру мақсатында Қатысушылардан толық емес және/немесе дұрыс емес байланыстық және/немесе өзге де мәліметтерді алғаны үшін жауапты болмайды.

11.8. Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда осы Ережелерде көрсетілген міндеттемелер бойынша жауапты болмайды.

11.9. Осы Акцияға қатысты барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде реттеледі.

## **12. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМІ**

12.1. Акцияға қатысатын тұлғалар (әрі қарай мәтін бойынша — "Дербес деректер субъектілері") өздерінің дербес деректерін ұсынуы қажет. Ұсынылатын ақпарат дербес деректерге жатады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғалады.

12.2. Дербес деректерді жинау мақсаттары:

12.2.1. Дербес деректер Қатысушыларға жүлделер, ұтыстар туралы хабарламалар, Ұйымдастырушының өнімі және ол өткізетін іс-шаралар туралы ақпараттар, жарнамалық ұсыныстар жіберу мақсатында, сондай-ақ маркетингтік талдау жүргізу және статистикалық ақпаратты дайындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті өзге де мақсаттар үшін жиналады.

12.3. Дербес деректер субъектілерінің келісімімен алынған дербес деректерді Оператор және басқа да үшінші тұлғалар Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы арнайы қорғалған дерекқорларға енгізеді.

12.4. Дербес деректерді өңдеуді Оператор, сондай-ақ ол уәкілеттік берген тұлғалар деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып жүзеге асыра алады. Қатысушы ҚР ҰК 319-бабына сәйкес Операторға жүгіну арқылы Қатысушының дербес деректерін өңдеуді жүзеге асыратын тұлға туралы өзге де ақпарат алуға құқылы.

12.5. Дербес деректерді өңдеу келесі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін: Акцияны өткізу мақсатында жинау, сақтау, жинақтау, жүйелеу, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, бұғаттау, жою және өшіру.

12.6. Дербес деректерді өңдеу мерзімі: Акцияны өткізу кезеңі, сондай-ақ ол аяқталған сәттен бастап бір жыл.

12.7. Дербес деректер субъектісінің өзінің дербес деректеріне қол жеткізу құқығы:

Дербес деректер субъектісі Оператор туралы, олардың орналасқан жері туралы, Операторда тиісті дербес деректер субъектісіне қатысты дербес деректердің болуы туралы мәліметтерді алуға, сондай-ақ осындай дербес деректермен жазбаша түрде де (дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің жеке басын растайтын негізгі құжаттың нөмірі, аталған құжаттың берілген күні және оны берген орган туралы мәліметі, және де дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің өз қолымен қойған қолтаңбасы бар сәйкес сұраныс бойынша), сондай-ақ телефон байланысы арқылы ауызша түрде де таныса алады.

12.8. Акцияның Операторы, Ұйымдастырушысы және Оператордың тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдейтін, дербес деректерге қол жеткізе алатын өзге де үшінші тұлғалар ҚР СК 319-бабына сәйкес оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді.

12.9. Дербес деректер субъектісі хабарламада Акцияның атауын, өзінің тегін, атын, әкесінің атын, жасын және Қатысушы өзінің тіркеу деректері қатарында Акцияға қатысу үшін хабарлаған қаласын көрсете отырып, Акцияның дербес деректер Операторына электрондық хат жолдай отырып, өзінің келісімін кері қайтарып алуға құқылы.

12.10. Осы Ережелерде көзделмеген барлық жағдайларда Ұйымдастырушы мен Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.